

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Сарсембаев Руслан Меиржанұлының 6D020600 –дінтану мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі замандағы діни плюрализм жағдайындағы ислам» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің берген**

### **ПІКІРІ**

**Диссертациялық жұмыстың өзектілігі.** Еліміздің қазіргі кездегі әлеуметтік-мәдени және саяси үрдістері жаһандық тенденциялармен тығыз байланысты. Әлемдік деңгейдегі өзгерістер қоғамның жан-жақты саласындағы заманауи ахуалды қалыптастыруға әсерін тигізуде. Бұл өз кезегінде дәйекті ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Солардың ішінде, ерекше назарға түсетін нысандардың қатарында діни плюрализмді атап өткен маңызды. Бұл феномен шетел ғалымдары арасында іргелі зерттеу бағыты ретінде дамуда, бірақ қазақстандық ғылымда ағымдағы феноменнің ғылыми тұжырымдамасы жүйелі зерттелмеген. Әсіресе исламдық контексте бұл феноменнің табиғатын тану өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қоғамдық қатынастарды зайырлы сипатта реттеуді негізге алды. Елімізде дәстүрлі және дәстүрлі емес конфессиялардың жаңғыруы кең орын алды. Діни плюрализм қалыптасты. Сонымен қатар, исламдық діндарлықтың деңгейі өсті. Диссертациялық жұмыста діни плюрализмнің постсекулярлық жағдайда көрініс табуы терең зерттеледі. Бұл жағдай Қазақстан халқының бірегейлігі мен үйлесімділігіне байланысты сұрақтарды жан-жақты талдау қажеттігін туындатады. Осыған байланысты қарастырылып отырған диссертациялық жұмыс еліміз үшін көкейкесті болып табылады. Ғылыми жұмыс қазіргі замандағы діни плюрализм жағдайындағы исламды зерттеуге бағытталуы еліміздің ғылымы үшін маңызды болып табылады. Бір жағынан бұл зерттеу діни плюрализм феноменінің тұжырымдамалық болмысын түсінуге септігін тигізеді. Екінші жағынан, еліміздегі діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлық пен лоялдылыққа байланысты бірқатар сұрақтарға жауап береді.

**Докторанттың қолданған әдістемесі.** Диссертациялық ізденіс барысында автор алғашқы қадамын діни плюрализм жөніндегі теориялық-әдіснамалық негіздерге мән беруден бастаған. Осы ретте, докторант пәнаралық (философиялық, ғылыми, теологиялық) деңгейдегі дискурстарды талдау арқылы бұл феноменнің тұжырымдамасын алетикалық-эпистемиологиялық, сатериологиялық, нормативтік, мазмұндаушылық

аспектіде қалыптастырған. Сонымен қатар, диссертант діни плюрализм ұғымын, тарихи көрінісін және тұжырымдамалық дәрежедегі қалыптасу алғышарттарын тарихи-логикалық, құрылымдық, компаративистикалық, каузалдық әдістері арқылы жүзеге асырған. Докторант діни плюрализм мен ислам қатынасын талдауда контент талдау, сыни талдау, жүйелілік әдістерін қолданғаны байқалады. Автор өз зерттеуінде теориялық негізбен шектелмей, халықаралық абыройы бар эмпирикалық дереккөзбен жұмыс істеген. Бұл санатта, докторант исламдық діндарлық пен лоялдылықтың гетерогенді діни плюрализм жағдайындағы көрінісін зерттеу үшін кросс-мәдени талдау, диахрондық салыстыру, синтездеу, контент-талдау әдістерін қолданғандығы ерекшеленеді. Жалпы диссертациялық жұмыстың логикасы абстрактіліктен нақтылыққа бағытталған. Бұл үшін диссертант индукция және дедукция әдістерін пайдаланғаны білінеді.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Докторант ғылыми жұмыстың аясында дінтану ғылымына үлесін тигізетін келесі жаңа нәтижелерді көрсетуге болады:

- 1) Діни плюрализмнің тұжырымдамалық дәрежедегі өзектілігінің өсуіне кешенді идеялардың негіз болғанын анықтаған;
- 2) Діни плюрализм ұғымы мен сипатын нақтырақ түсінуге үлесін қосты. Соның ішінде, діни плюрализмге байланысты аспектішілік және аспектаралық деңгейдегі тұжырымдамалардың келіспеушілік жақтарын талдаған. Бұдан басқа, діни плюрализм жағдайының нормативтік-құқықтық, нормативтік-этикалық санаттағы градациялық сипатын ерекшеледі;
- 3) Діни плюрализмге қатысты заманауи исламдық паттерндердің алғышарты көп жағдайда ортағасырлық кезеңнен бастау алатындығын ерекшелеген;
- 4) Діни плюрализм мен исламның доктриналық дәрежеде алетикалық, сатериологиялық, нормативтік аспектілері аясында үйлесімділігін шетелдік, ресейлік және қазақстандық тұжырымдар арқылы зерттеген;
- 5) Әлеуметтік-саяси ортадағы діни плюрализмнің гетерогенді жағдайларында, соның ішінде қоғамның басымшылығы немесе азшылығы мұсылман саналатынына, зайырлы немесе ресми діні бар мемлекеттік жүйенің болуына, либералды немесе либералды емес діндерге мемлекеттік шектеу қоюына байланысты көріністерінде исламдық діндарлықтың деңгейі мен сенім негіздеріне қатысты сандық көрсеткіштері және лоялдылықтың сипаты, оған әсер етуші негізгі факторлары зерттелді;
- 6) Қазақстан Республикасындағы діни плюрализм жағдайының тарихи және заманауи көрінісі, оның шеңберіндегі исламдық діндарлық пен лоялдылықтың сипаты, сонымен қатар, оларға мемлекеттік саясаттың

